

**Теміртау қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 48/62 бірлескен қаулысына және Теміртау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 4 қазандағы № 20/6 "Теміртау қаласы азаматтарының қалалық қоғамдық көлікте жүру үшін (таксиден басқа) жекелеген санаттарына жеңілдіктер белгілеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2026 жылғы 21 мамырдағы № 20/40 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2026 жылғы 21 мамырдағы № 43/6 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Заңының 13-бабына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Теміртау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Теміртау қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Теміртау қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 4 қазандағы № 48/62 бірлескен қаулысына және Теміртау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 4 қазандағы № 20/6 "Теміртау қаласы азаматтарының қалалық қоғамдық көлікте жүру үшін (таксиден басқа) жекелеген санаттарына жеңілдіктер белгілеу туралы" шешіміне (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілер Мемлекеттік тізілімінде № 6669-09 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда берілсін:

"1. Теміртау қаласының тегін жол жүру құқығын растайтын құжат (электрондық жол жүру құжаты) болған жағдайда, қалалық қоғамдық көлікте (таксиден басқа) тегін жүру түріндегі азаматтардың келесі санаттарына жеңілдіктер белгіленсін:

1) 7 жастан 18 жасқа дейінгі балалар;

2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне:

2-1) бұрынғы КСРОдағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСРОдағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

2-2) оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде жіберілген әскери міндеттілер;

2-3) Ауғанстанға ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезеңде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері;

2-4) бұрынғы КСРОдағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшу құрамының әскери қызметшілері;

2-5) Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертлікпен не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСРОдағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер;

2-6) 1992 жылғы қыркүйек - 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан учаскесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі мемлекет аралық шарттармен келісімдерге сәйкес міндеттерді орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2-7) 2003 жылғы тамыз - 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері;

2-8) 1986 - 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСРОдағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

3) 1986 - 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқада радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдар;

4) 1988 - 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдар;

5) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-ана немесе қорғаншы."

2. Осы бірлескен қаулысы және шешімі алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

*Теміртау қаласының әкімі  
Қалалық мәслихат төрағасы*

*Г. Ашимов  
А. Ломакин*